

## ***Ақын Аманжол шығармалары***

**Алғашқы мұсылмандар мешіті қалай ашылды?** // Теміртау.- 2011.- 24 там.- 3 б.

**Анамнан қалған мұра - тілім менің - мәңгілік жүгінгенім:** мемлекеттік тіл - менің тілім // Теміртау.- 2009.- 13 тамыз.- 2 б.

**Аңсап жеткен атажұрт** - Қарағанды, 2006. - 250 б.

**Ғарышта Теміртау түлегі:** [ғарышкер Тоқтар Әубәкіров туралы] / А. Ақын, Е. Лұқпан // Теміртау.- 2011.- 5 қаз.- 3 б.

**Діни алауыздан сақтанайық!** // Теміртау.- 2010.- 28 шілде (N 30).- 5 б.

**Кәсіпорын болашағы мамандарға байланысты:** ["Арселор Миттал Теміртау" АҚ туралы] // Орталық Қазақстан. - 2008.- 7 қазан.- 2 б.

**Н.Назарбаев: Ауыр күндерді артқа тастадық:** [2002 ж. тамыз айында Н.Назарбаев Теміртауға келіп кеткен] // Теміртау.- 2011.- 19 қаз. (№42).- 2 б.

**Президент курстастары Теміртауда:** [ҚР Президенті және оның достары туралы] // Орталық Қазақстан. - 2008.- 1 шілде.- 4 б.

**"Теміртау" индустриалды паркі: оның пайдасы мен залалығы:** (жоғары технологиялық өндіріс) // Орталық Қазақстан. - 2007.- 25 қаңтар.- 1 б.

**Лұқпан, Е. Тұғыры биік Теміртау** [Мәтін] / Е. Лұқпан, А. Ақын, Т. Смағұл.- Қарағанды: Қарағанды Полиграфия, 2005.- 248б.

### ***Ақын Аманжол туралы***

Алдашева, Р. Алыстан жеткен аманат: қалалық тарихи мұражайдағы ақын-жазушы А. Ақынның көрмесі / Р. Алдашева // Теміртау. - 2009. - 19 наур. - 3 б.

Қарымды қаламгер: [Теміртаулық журналист-публицист Ақын Аманжол туралы] // Орталық Қазақстан. - 2013. - 28 мамыр (№85).-5 б.

Құрастырушы: АББ  
библиографы  
Байтөлеу И.Б.

ОК телефоны: 8(7213)98-47-60  
Факс: 8(7213)44-66-81  
E-mail: [tcs.gb@mail.ru](mailto:tcs.gb@mail.ru)



«Теміртау қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ  
Ақпараттық-библиографиялық бөлім

## **Теміртау жазушылары**



## **Қарымды қаламгер Ақын Аманжол**

Теміртау, 2014

Металлургтер қаласында қазақ тілінің қамын дауылдай шулатып, құйындай үйіріп алға тартқан азаматтардың бірі журналист-публицист Аманжол Ақын.

Аманжол Ақын 1959 жылы 4 қазанда Моңғолияның Қобда аймағында туған. 1982 жылы Моңғолия Мемлекеттік университетінің тау-кен геология факультетін кен инженері, 1986 жылы Моңғолия Үкіметі жанындағы жоғары басқару курсына инженер-экономист мамандығы бойынша бітірген.

Үздік мақалалары үшін 1989-1990 жылдары Моңғолияның ең беделді басылымы “Үнэн» газетінің, моңғолия кәсіподақтарының баспа ақпараттық орталығының, Баян өлгей аймақтық «Шұғыла» журналының арнаулы сыйлықтарына ие болды.

Аманжол Ақын 1991 жылы алғашқы лекпен бірге Атамекеніне көшіп келді.

Мұндағы қызметін кеңшарда заң

кеңесшілігінен бастаған оның көші-қон тақырыбына қалам тартқан тартымды да толғақты мақалалары республикалық «Халық кеңесі», «Егемен Қазақстан» облыстық «Орталық Қазақстан», аудандық «Қарқаралы» газеттерінде жарық көріп, «Шалқар» радио станциясы арқылы әуе толқынында беріле бастады. Аманжолдың қалам сілтесіне тәнті болып, болашағынан үлкен үміт күткен облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясы 1992 жылдың көктемінде оны қызметке шақырып алды. Содан бері бірыңғай журналистика саласында еңбек етті. Осы жылдар аралығында қаламы қарымды журналист-көсемсөз шебері ретінде көпшілікке танылды. Оның ұлттық рухани құндылықтарымыздың бүгінгі мен ертеңіне арналған тұщымды мақалалары мен өндіріс және экономика, экология тақырыптарын өзек еткен өткір де көкейкесті жарияланымдары әр кез оқырман көңілінен шықты.

2001 жылы Теміртау қаласында тұңғыш рет қазақ тілінде жеке басылым болып «Теміртау» газеті ашылды.

Міне, осы басылымның шығуына қаланың зиялы қауымы, ақсақалдары бас болып ат салысқанда оған Аманжол Ақын да белсене кірісті. Сөйтіп, кейін газетте редактор, ЖШС директоры



лауазымдарын атқарды.

Аманжол Ақынның шығармашылық еңбегі Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен атап өтілді, 2006 жылы облыс әкімінің «Жыл журналисі» арнайы жүлдесінің жеңімпазы атанды.